



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Қасиетті Құрбан айт құтты болсын!

Қадірлі аудан тұрғындары!

Құрметті көпшілік!

Баршаңызды мұсылманның ұлық мейрамы Құрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Адамды ізгілікке, қайырымдылыққа, кеңпейілділікке шақыратын осынау мерекеде халқымыз сауапты іске амал жасайды. Жақындарымызға жылы сөйлеп, туған-туысты құттықтап, көмек қолын созып ізгі ниетін жүзеге асырады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, «Мұсылман баласы бұл күндері отбасы амандығы мен ел тыныштығы үшін құрбандық шалып, жоқ-жітікке көмектеседі, мұқтаж жандарға қамқорлық танытады» деп мерекенің мазмұнын жоғары бағалаған болатын.

Құрбан айт мейрамының тәрбиелік мәні зор. Үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсететін халқымыз бауырмашылдықты ту еткен. Жоқ жітікке қол ұшын созып, мұқтажға көмектесу ежелден қанымызға сіңген қасиет. Сондықтан да бұл мереке бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыруға үлкен үлес қосып келеді.

Құрметті ағайын!

Елді бірлікке шақыратын Құрбан айт мерекесі құтты болсын! Баршаңызға зор денсаулық, ұзақ өмір, отбасыларыңызға амандық тілейміз! Мемлекетіміз бейбіт шаңырақ астында мәңгілік жасай берсін.

**Мұхит ТҰРЫСБЕКОВ,**  
аудан әкімі.  
**Бегімбет БАЙҒАРАЕВ,**  
аудандық мәслихат  
хатшысы.

Президент Президент орынбасары – Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтановты қабылдады, деп хабарлайды Egeмен.kz.

Мемлекет басшысына Қазақстанның ДСҰ-ға мүше елдер министрлерінің 12-конференциясына төрағалығының қорытындысы туралы баяндал-

Премьер-Министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрі биылғы 4 айдың ішінде шикізаттық емес тауарлар экспорты былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда 33,9 пайызға артып, 5,6 миллиард доллардан 7,5 миллиард долларға дейін өскенін мәлімдеді. Қызмет көрсету экспорты 5,8 миллиард

қолжетімділігін қамтамасыз ету шаралары жөнінде есеп берді. Оның айтуынша, 2022-2024 жылдарға арналған азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жоспардың жүзеге асырылуы 2024 жылға қарай импортқа тәуелді негізгі тауарлар бойынша халықты жүз пайыз қамтамасыз етуге мүмкіндік

## Мемлекет басшысы Бақыт Сұлтановты қабылдады



ды. Жиын барысында маңызды шешімдер қабылданған. Атап айтқанда, ДСҰ-ны реформалау үдерісін бастауға және 20 жылдан астам уақытқа созылған Балық аулау субсидиялары туралы жаңа келісімді қабылдауға қол жеткізілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа министрліктің сыртқы сауданы дамыту және экономикалық интеграция аясында ұлттық мүддені қорғау жұмыстарының нәтижесі ұсынылды.

долларға жеткен.

Мемлекет басшысына трансшекаралық хабтарды және сауда-логистикалық инфрақұрылымды өркендету, соның ішінде «Солтүстік – Оңтүстік» көлік дәлізі мен Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша дамыту жөніндегі жобалардың жүзеге асырылуы барысы туралы мәлімет берілді.

Бақыт Сұлтанов Үкіметтің негізгі азық-түлік тауарлары бағасының тұрақтылығы мен

береді.

Сондай-ақ Президент сыртқы сауда қызметін жандандыру және шетел нарығындағы Қазақстан өнімдерін ілгерілету жөнінде тапсырма берді. Мемлекет басшысы ішкі нарықты қамтамасыз ету үшін негізгі азық-түлік тауарлары экспортын реттеу қажет екеніне баса мән берді.

«Егемен Қазақстан»  
газетінен.

Еліміздегі мектептерде арнайы маманға жаңа штат ашылды. Соған сәйкес енді орта білім беретін оқу ошақтарындағы ерекше балалардың бейімделуіне көмектесетін педагог-ассистенттердің саны екі есе өсті. Бұған дейін 700-дің жобасында маман болса, қазір олар 1 454 адамға жетіп отыр.

Оқу-ағарту министрлігінің мәлімдеуінше, педагог-ассистенттер ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға көбірек көңіл бөлуді талап ететін инклюзивті оқытуда сұранысқа ие. Педагогтер ерекше оқушылардың мектепке және оқу үрдісіне бейімделуіне көмектеседі.

Аталған ведомство жанындағы Мектепке дейінгі және орта білім комитетінің төрағасы Гүлмира Кәрімова:

## Ерекше балаларға көмектесетін мамандар көбейді

«Оқу-ағарту министрлігі ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың білім алуына жағдай жасау үшін жұмыс жүргізіп жатыр. Бұған дейін министр Асхат Аймағамбетов осындай штат енгізуді тапсырған болатын. Енді 1,5 мыңға жуық педагог-ассистент ерекше балалар оқитын мектептерде жұмыс істеп жатыр. Бұл мұғалімнің өзін алмастыра алмайды. Десе де педагог-ассистенттер ерекше рөл атқарады, олар балаларға бағыт беріп, оқу үрдісіне бейімделуге көмектеседі. Біз ерекше қажеттілігі бар балалар туралы айтып отырғандықтан, мысалы, егер бала өздігінен қозғала алмаса,



онда педагог-ассистенттер техникалық көмек көрсетеді. Не болмаса балаға дефектологтің көмегі қажет болса, педагогикалық қолдау көрсетеді», дейді.

Педагог-ассистент жоғары-

да айтылған функцияларға қоса ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысады. Қажет болған жағдайда оқу бағдарлама-

лары оқушылардың ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне қарай бейімделеді. Педагог-ассистенттер өткен материалды меңгеруге көмектесіп қана қоймай, ерекше баланың дағдыларының даму деңгейін де бақылайды. Сондай-ақ олар ерекше білім алуды қажет ететін балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығына қажетті жағдайлардың сақталуын қадағалайды.

Министрлік алдағы уақытта педагог-ассистент лауазымын мектепке дейінгі ұйымдарға да енгізбек.

«Егемен Қазақстан»  
газетінен.

## Сенбілік ұйымдастырылды



Өткен сенбіде ауданда «Birge-taza Qazaqstan» аясында сенбілік ұйымдастырылды. Аудан әкімдігінің бөлім, мекеме қызметкерлері санитарлық тазарту жұмысына белсене қатысты.

Аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы көктемгі тазалық жұмыстарында Шолаққорған ауылын 5 секторға бөлген болатын. Әр секторға бөлім, мекемелерді жауапты етіп бекітіп, олар тазалық жұмыстарын жүргізген. Сенбілік барысында өздеріне тиесілі сектор бойынша, күл қоқыстарды шығарды. Барлық мекеме қызметкерлері бір кісідей атсалысып, әрбір ұжым бөлінген аумақтарда, көшелерде тазалық жұмыстарын қарқынды жүргізді. Соның ішінде, ауылдың Түркістан, Шымкент бағытындағы кіре

беріс аймағын, орталық көшелер мен әлеуметтік нысандардың айналасын толық қамтыған тазалық жанапшырлары қоқыс қалдықтарын шығарып, ортақ мекеннің көркеюіне өз үлестерін қосты.

Атап өту қажет, сенбілік аясында бойынша тазалық жұмыстарына 1861 дей адам, 12 техника жұмылдырылды. Тазартылған аумақтар бойынша 70 тонна шамасында тұрмыстық қатты қалдықтар шығарылды. Аудан басшысы, сенбілік жұмыстарын өз бақылап, жасыл белдеу аймағын, әлеуметтік нысан алдындағы жұмыстарды бақылады.

Аталған шара ауылдың санитарлық жағдайын жақсартуға бағытталды.

«Созақ үні»-ақпарат.

## Кезекті комиссия отырысы өтті

Аудан әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссияның 2022 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес, 3 тоқсанда атқарылатын жұмыстар бойынша комиссияның кеңейтілген отырысы өтті.

Комиссия отырысын аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы Қалдыбек Әбілдаұлы Оразов, ашып жүргізді.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған ауылдағы әйелдерді кәсіпкерлік қызметке тарту, микрокредит беруге қолжетімділігін қамтамасыз ету туралы Созақ аудандық «Бақ-Нұры» іскер әйелдер

қоғамдық бірлестігінің төрайымы, аудандық маслихат депутаты Нұржамал Майусова өз баяндама жасады.

Жиын барысында жұмыс жоспарына байланысты III тоқсанда атқарылатын жұмыстарға тоқталып өтіп, тиісті сала басшыларына бірқатар тапсырмалар берді.

Сонымен қатар, әр саладағы үздік қыз-келіншектер арасында отбасылық сайыстар ұйымдастырып, аудан көлемінде іскер әйелдердің форумын ұйымдастыру пысықталды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков білім, спорт саласында жетістікке жеткен студенттер мен бапкерлерді қабылдап, ризашылығын білдірді. Өз саласының үздік мамандарын алғыс хатпен марапаттады.

Түркістан облыстық ада-

ұйымдастырылды. Облыстық чемпионатқа 38 колледжден 294 студент қатысты. Созақ ауданынан №1 колледжінің екі студенті жоғары көрсеткішке ие болды.

Сондай-ақ аудандық балалар мен жасөспірімдер

ру істері комитетінің алғыс хатын алған, «ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушы» Созақбай Мұратбайұлына ілтипат көрсетіп, марапаттады.

Сіздердің жетістіктеріңіз ауданның абыройы. Өз салаларыңызды үздік болып, жоғары марапат алып жа-

## Аудан әкімі үздіктерді қабылдады

ми әлеуетті дамыту басқармасының ұйымдастыруымен «WORLD SKILLS TURKISTAN - 2022» облыстық чемпионатында Созақ ауданынан №1 колледж студенті Колхоз Айгул Әскербекқызы тігінші мамандығы бойынша, Парманқұл Юсуп Шавкатұлы дәнекерлеу ісі мамандығы бойынша үздік кәсіп иесі атанды. Аталған чемпионат мақсаты техникалық және кәсіптік орта білім беру ұйымдарының білім беру процессіне оқыту сапасын арттыру, олардың әдістерін қолданысқа енгізу болатын. Чемпионаттың аясында студенттердің шығармашылық – инновациялық жобалары көрсетілді және студенттер жасаған ауыл шаруашылық техникаларынан көрме



спорт мектебінің бапкері «ҚР еңбек сіңірген қызметкері» атанған Жеңіс Алпысбайұлы мен Қазақстан Республикасының мәдениет және спорт министрлігінің спорт және дене шынықты-

тырсыздар. Біз қашанда қуанып, қолдау көрсетеміз, деді аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков.

«Созақ үні»-ақпарат.

## Жерге қатысты мәселені мұқият қадағалау керек



Ауданда жерге қатысты туындап отырған мәселе көп. Ауыл шаруашылық, кәсіпкерлік, тұрғын үйге берілген жерге қатысты дау көбейіп тұр. Салалық бөлімдер, тиісті мекемелер мен ауыл, кент округ әкімдері тарапынан қажетті жұмыстар жүйелі жүргізілмеген. Олардың жіберген олқылықтарынан шаруалар мен тұрғындар зардап шекпеуі тиіс. Жерге қатысты мәселені мұқият қадағалау керек, деді аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, кезекті аппараттық мәжілісте.

Аудан әкімі бір жерге екі мемлекеттік акт алу

жағдайы тіркеліп, тұрғындар тарапынан арыз-шағымның көбейіп тұрғанына тоқталды. Жерге қатысты туындап отырған мәселеге байланысты жұмысшы топ құруды тапсырды. Аудан әкімінің салалық орынбасарларына, тиісті бөлімдер мен ауыл, кент округ әкімдеріне жер саласына қатысты жұмысты жүйелеуді ескертті.

Жиын барысында аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы, қасиетті «Құрбан айт» мерекесінде бөлім, мекеме басшылары мен ауыл, кент округ әкімдеріне тұрмысы төмен отбасыларға көмек көрсету мәселесін қолға

алуды тапсырды.

Мұсылманға ортақ мерекеді, қол ұшын созу міндетіміз. Ауыл, кент округ әкімдері кәсіпкерлерді тартып, көмек көрсетуді ұйымдастырғандары жөн,- деді аудан басшысы.

Жиындағы күн тәртібіндегі мәселеге орай аудан әкімдігінің экономика бөлімінің басшысы Ербол Айдарбеков «Аудан бюджетінің 1 шілдеге дейін орындалуы» бойынша баяндама жасады.

«Созақ үні»-ақпарат.

## Ауыл тұрғындарымен кездесті

Президенттің 2022 жылдың 3 наурыздағы «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» №826 Жарлығы негізінде бекітілген кестеге сәйкес ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы М.Қожамқұлова 2022 жылдың 1 шілдесінде Шу ауылы тұрғындарымен кездесті.

Шу ауылындағы кездесу әкімшіліктің мәжіліс залында өткізілді. Кездесу барысында ауылдағы мал су ішетін артезиан мәселесі көтерілді.

Шу ауылындағы кездесу барысында Қазақстан Республикасы Президентінің 3 наурыз 2022 жылғы №826 «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығы негізінде халықпен тоқсан сайын кездесу өтетіндігін, оның мақсаты – Қазақстанды жаңғырту-



дың жаңа бағдарының негізгі бағыттары туралы хабардар ету және проблемалық мәселелерді шешудің жолдары мен мерзімдерін түсіндіру екенін, сондай-ақ ауылдық округ бойынша алдағы атқарылатын жұмыстар жөнінде хабарлады.

Жиын барысы сұрақтар

мен ұсыныс-пікірлерге ұласты. Ауыл тұрғындарының басты мәселесі – мал су ішетін артезиан қазылса немесе бұрынғы артезиан көздерін тазалап ашса - деген ұсыныстарын жеткізді.

**Б.ЖАНДАУЛЕТОВ.**

## Іс-қимыл жоспары бекітілді

Аудан әкімі облыстық мәслихатпен келісілген кестеге сәйкес, ағымдағы жылдың 23 – 24 маусым аралығында Жартытөбе, Құмкент, Шолаққорған ауылдарында және Таукент кентінде халықпен есепті кездесулер өткізді. Жалпы 3 ауылдық округі және 1 кентте өткен жиындарға 513 адам қатысты. Олар негізінен жол, денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс саласы

мәселелерін көтерді. Жиынға ауыл тұрғындары мен аудандық мекемелер, тиісті бөлім басшылары, қзқық қорғау органдарының басшылары, БАҚ өкілдері қатысты.

Жиын соңында аудан әкімі М.Тұрысбеков прокуратура, ішкі істер органдарының басшылық құрамымен, мәслихат депутаттарымен, қоғамдық кеңес мүшелерімен, жергілікті зиялы-

лармен бірлесіп, азаматтарды жеке қабылдаулар өткізді.

Жеке қабылдауда 24 адам болды. Олар: жұмыссыздық, жер, тұрғын үй, байланыс (интернет), жол салалары мәселелерін қозғады. Жеке қабылдау барысында: азаматтарға заңға сәйкес тиісті жауаптар беріліп, проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілді.

## Аудан әкімінің халықпен кездесу барысында көтерілген проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары

Қ/с	Проблемалық мәселелер	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4
Жартытөбе ауылдық округі			
1	Аққолтық елді мекеніндегі балалар ойын алаңының қоршауын жаңарту жұмыстарын жүргізісін	Мерзімі: 01.11.2022 жыл	Қ.Оразов Б.Есенқабыл
Шолаққорған ауылдық округі			
1	Шолаққорған ауылы Сұлтанбекхан көшесінің көше бойының жарықтандыру жұмыстарын жүргізісін	Мерзімі: 01.09.2022 жыл	Б.Әлмағанбет Д.Байзақов А.Елибаев
2	Шолаққорған ауылындағы бағдаршамдардың қалыпты жұмыс істеуін ұйымдастырсын	Мерзімі: Жыл ішінде	Б.Әлмағанбет Д.Байзақов А.Елибаев
Таукент кенті			
1	Кент ішіндегі демеушілер тарапынан төселіп жатқан аяқ жолдардың жұмыстарын мерзімінде аяқтауды ұйымдастырсын	Мерзімі: Жыл ішінде	Б.Әлмағанбет М.Оспанов
Құмкент ауылдық округі			
1	“Жылыбұлақ” суының топографиялық түсірім жұмыстарын аяқтауды ұйымдастырсын	Мерзімі: Жыл ішінде	А.Сатыбалды Қ.Мейірманов Ж.Борсабаев Ф.Пәрдебекұлы
2	Ауылдық емханаға демеушілер тарапынан жедел жәрдем көлігін алып беруді ұйымдастырсын	Мерзімі: 01.09.2022 жыл	Қ.Оразов Б.Мырзагелдиев (келісімі бойынша) Ф.Пәрдебекұлы
3	Жылыбұлақ суына Казфосфат ЖШС-нің жарылыс жұмыстарының әсерін зерттеу жүргізуді ұйымдастырсын.	Мерзімі: Жыл ішінде	А.Сатыбалды Қ.Мейірманов Ж.Борсабаев Ф.Пәрдебекұлы

Жуырда Нұр-Сұлтан қаласында БҰҰ UNFPA – қорының Бүкіл Әлемдік гендерлік зорлық зомбылықтың алдын алу туралы, ақпарат саласының мамандарына арналған семинарына болып өтті. Семинарға еліміздің барлық аймақтарынан журналистер қатысты. Семинардың басты

\* Қазақстандағы репродуктивті және ана денсаулығы. \* Қазақстан Республикасында отбасын жоспарлау қызметін дамыту стратегиясына іс шаралар жоспары енгізілуде. \* Қазақстан Республикасында ана мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі стратегия және 2021-2025 жылдарға ар-

## Журналистерге арналған семинар тренинг өтті



мақсаты қоғамда болып жатқан түрлі зорлық зомбылықты болдырмау және алдын алу. Сол бағытта ақпарат саласының мамандарына түрлі материалдар ұсынылды. Қазақстан мен ЮНФПА әріптестігі 1992 жылы басталған. Тұрақты даму мақсатында Ынтымақтастық туралы негіздемелік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Үкіметі мен ЮНФПА бүгінгі таңда бесінші елдік бағдарламаны 2021—2025 жүзеге асыруда.

налған іс шаралар жоспары әзірленді. \* Қазақстан Республикасында жастар денсаулығы орталықтарын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған стратегиясы дайындалып енгізілді. \* Медициналық білім берудің ұлттық жүйесіне енгізу үшін медицина қызметкерлерінің постди —пломдық дайындығына арналған оқыту материалдарының пакеті әзірленіп, ұсынылды.

**Нұржамал МАЙУСОВА.**

## Ұлт ұстазы атындағы сыйлық Ф.Елшібайға тапсырылды

Журналистер күнінде журналистер туралы көп әңгіме айтылады. «БАҚ билік пен бұқараның арасындағы көпір», «Журналистер билікпен арадағы дәнекер» дегендей жаттанды теңеулердің биыл да қайталанып отырып отырғанына күмәнім жоқ. Бірақ жалпы қазақ журналистикасына айтылған екі теңеуге ешнәрсе жетпейді. Оның біріншісі ұлт ұстазы, алаштың ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлы жазған «Газет халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген сөзі. Екіншісі Шерағаң, Шерхан Мұртазаның «Арқалағаны алтын, жегені жантақ» деген сөзі. Бүгінгі журналистиканың қоғамдағы рөлін, болмысы мен кейпін, мұңын дәл бұлайша суреттеген басқа теңеулерді өз басым білмейді екенмін. Бұқаралық ақпарат қызметкерлері мерекесі қарсаңында «AMANAT» партиясы жоғарыда аты аталған екі тұлғаға қатысты сыйлық тағайындады. Оның біріншісі - Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Сөз зергері» сыйлығы, екіншісі Шерхан Мұртаза және Камал Смайылов атындағы «Телевизия үздігі» сыйлықтары. Әрине, сыйлыққа Байтұрсынұлының, Мұртазаның, Смайыловтың таңдап алынуы бекер емес.



Сол сияқты А.Байтұрсынұлы атындағы сыйлықтың Фалымжан Елшібайға тапсырылғаны да кездейсоқтық емес деп ойлаймын. Өйткені Галекең бұл марапатқа әбден лайық азамат. Жалпы, Фалымжан Елшібай талай асуларды бағындырған, өз саласында ерте танылған, кәсібилігіне ешкім шек келтірмеген азамат. Ақкөңілділігі, қай уақытта да көмектесуге дайын тұратын дархан пейілділігі өз алдына. Байтұрсынұлы атындағы сыйлық құтты болсын, Галеке!

**Нұржамал МАЙУСОВА.**

Егер аудан жұртшылығының хабары болса, «Facebook» әлеуметтік желісі арқылы ТОО «TorlanStroy»-дың құрылтайшысы Төлеев Мадияр Қалиұлының көршісі әрі бала күнгі досы Игенбаев Кенбай Абайұлына демалушылық жасап, өзіне тиесілі дәнеркерлеу цехының бір бұрышынан аяқ киім тігетін шағын шеберхана ашып бергені жайлы ақпарат тараған еді. Осы ретте, Мадияр Қалиұлының өтінішімен Кенбай Абайұлынан сұхбат алған едім. Жалпы, ел арасында Монти атанып кеткен бұл азаматтың мақсаты аудан

бастады. Содан, бұл қызғушылым мақсатыма айналды да бір күні әкем маған тігін машинасын алып берді.

**-Өзің де білесің кезкелген кәсіпте кісінің ұстазы болуы тиіс. Бұл ретте, саған ұстаздық етіп, бағыт-бағдар берген адам болды ма?**

-Иә, ұмытпасам 2019 жылы Талдықорған облысы, Балпық би ауданында тұратын Бағдат есімді етікші жігітпен әлеуметтік желі арқылы танысып, екі апталық курсынан өттім. Содан, ол кісі менің Қытайдан арзан бағамен екі бірдей тігін машинасын алуыма септігін

боласың деп, уақыт өте келе біршама тәжірибе жинақтағандай болдым. Бірде бір қыстық аяқ киімді тігуді бастадым. Міне сол уақытта барып, әлеуметтік желіні ақтарып отырып әлгі Бағдат есімді жігітпен таныстым.

**-Ал енді, бұл Бағдат ұстазың аяқ киімнің барлық түрлерін тіге алады ма?**

-Иә, ерлер мен әйелдердің, ересектер мен балалардың аяқ киімдерінің барлығын тіге береді. Мейлі қыстық, мейлі жаздық.

**-Кенбай енді өзің айтқандай 2018 жылдан бері етік тігумен әуестенсең де сені Теріскей**

**қойшы, сенің сатылымға шығарған өнімдеріңнің сапасы мен бағасы жайлы тұтынушыларың не деп жатыр? Сын-екертпелер болып тұра ма?**

-Негізінен, менің аяқ киімдерімнің бағасы базар нарқымен бірдей. Мысалға, ересектердің бір жұп аяқ киімі 18 мың теңге болса, жасөспірімдердің аяқ киімі 14-15 мың теңгені құрайды. Сондай-ақ, әзірше балалар аяқ киіміне тапсырыс жоқ. Ал енді, арасында саптама етікке де тапсырыс беруге адамдар кеп жатады, бірақ, көбінесе бағасын қымбатсынады. Өзіңіз де білесіз, қазір кез-келген тауардың

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың орта және кіші бизнесті қолдау және дамыту жөніндегі тапсырмасынан хабардар шығарсың. Осы ретте, жергілікті билік тарапынан қандай да бір қолдаулар болды ма? Нақты сұрайын дегенім, жуырда ғана аудан әкімі Мұхит Секенбайұлының сені іздеп келіп, жұмысыңмен танысқанын аудандық БАҚ пен әлеуметтік желілерден оқып білдік. Тіпті, басқаларға үлгі болсын деп, сен тіккен спорттық аяқ киімнің бірін сатып

# Ата кәсібі ұрпақ нәсібі

жұртшылығы Кенбайды кеңінен таныса екен, осы бір мүмкіндігі шектеулі, ел арасында кеңінен тарай қоймаған кәсіп иесінің жұмысын жалпақ жұртшылыққа насихаттау, жарнамалау еді. Ендеше, кәсібін спорттық аяқ киімдер тігумен бастаған жас кәсіпкермен болған сұхбатымды назарларыңызға ұсынамын:

**-Ассалаумағалейкүм Кенбай інім! Мақұл көрсең, сұхбатымызды өзіңді Созақ жұртшылығына таныстырудан бастасақ. Яғни, газетіміздің оқырмандарына өзің жайлы қысқаша әңгімелеп берсең!**

-Уә аләйкүм әссәләм! Егер өзім жайлы айтар болсам, мен Игенбаев Кенбай Абайұлы 1987 жылы Шолаққорған ауылында туып, өскенмін. Осында А. Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінде оқып, 11 сыныпты тәмамдадым. Мектептен соң қандайда бір жоғарғы оқу орнына түсудің реті келмеді. Сол себепті де күні бүгінге дейін бірнеше жерде жұмыс істедім.

**-Кенбай інім! Жалпы, сенің бұл кәсіппен шұғылдануыңа не түрткі болды, әлде әулетінде бұл кәсіппен айналысқандар болды ма?**

-Сұрағыңыз орынды! Негізінен, менің өз атам Бекшондық қария осы етікшілікті кәсіп еткен. Әрине, мен мұны көзіммен көріп, үлкендерден естіп өстім. Кейде осы: «Қанмен келеді» деген тұжырым дұрыс екен деп қоямын. Әйтпесе, менің бұл кәсіппен айналысуыма түрткі болған бірі жоқ, жастайымнан ешкім мені етікшілікке баулымады. Бірақ, неден екенін білмеймін әлеуметтік желілерді шолып отырып бірде етікшілердің паблигіне кіріп кеттім. Жоғарыда қан тартты ма екен дедім ғой, әйтеуір бір күш еріксіз менің осы кәсіпке деген қызығушылығымды арттыра



тигізді. Бірсөзбен айтқанда, сол Бағдат маған ұстаздық етіп, мені осы кәсіпке баулыды. Сөйтіп ойламаған жерден етікші боп шыға келдім.

**-Дұрыс. Енді қазіргі таңда аяқ киімнің қандай түрлерін тігудесің? Маусымдық аяқ киімдер ме әлде...?**

-Әзірше, тек спорттық аяқ киімдер мен ауыл арасында киіп жүруге қолайлы мақасилер тігудемін. Дегенмен, бұйыртыса мынау тамыз айынан бастап күзгі және қысқы аяқ киімдерді де тіксем ба деген жоспарым бар.

**-Жалпы, кез-келген кәсіппен айналысу үшін білім мен білік және тәжірибе қажет екенін сен екеуіміз жақсы білеміз. Қаншалықты білім алғаныңды білдік. Ендігі жерде осы кәсіппен нақтылап айналысқаныңа неше уақыт болды?**

-Сол, жоғарыда айтқанымдай етік тігумен алғаш рет 2018 жылы әуестене бастадым. Бастапқыда өзімше біраз аяқ киім тіккен болдым, оның да көпшілігі ойымдағыдай шықпады. Алайда, көре-көре көсем

жұртшылығы кәсіп иесі ретінде тек биыл ғана таныды, мұның себебі неде?

-Былырғы, 2021 жылдың күзінде сыныптасым Мадияр (Монти) осы өзі басқаратын цехтың бір бұрышын ұсынды маған. Содан досымның ұсынысын қабыл алып осында көшіп келдім. Дегенмен, сол жылы сырқаттанып қалдым дағы тек 2022 жылдың көктемінде, Наурыз айында ғана кәсібімді қайта бастадым.

**-Жарайды, ендігі жерде мұнда көшіп келгелі кәсібіңде қандай да бір ілгерілеушілік бар ма? Нақтырақ айта аласың ба, бір айда мынанша аяқ киім тіге алып жатырмын деп? Сосын, сенің бұл тігіп жатқан аяқ киімдеріңе алдын-ала тапсырыс бере ме, жоқ әлде тігіп қоясың дағы тұтынушылар өздері келіп сатып алуда ма?**

-Әзірше аптасына 10-15 жұп аяқ киім тігіп шығарудамын және тапсырыссыз, алдын-ала тігіп қоямын, кейін қызыққандар болса келіп алып жатады.

**-Кенбай мынаны айта**

бағасы қымбаттап кеткен уақыт. Оның үстіне етік тігетін сапалы теріні шетелден ғана алуға болады.

**-Айтқандай, тері демекші, жалпы осы аяқ киім тігуге қажетті материалдарды қайдан алдырасың?**

-Әдетте, спорттық аяқ киімдер мен мақаси тігуге қажетті материалдарды Алматыдан алдырамын. Онда маған қажетті материалдарды сататын үш бірдей дүкен бар, сол жерлерден жинастырып, түгендеп әкелемін.

**-Ал енді, болашаққа деген қандай жоспарың бар? Яғни, атаңнан мирас болған, өзің жақсы көріп қалған кәсібіңді одан әрі дамытып, ауқымын кеңейту ойыңда бар ма?**

-Әрине, кәсібімді дамытып, үлкен цех ашсам ба деген арманым жоқ емес. Алайда, бұл тек армандаумен келетін дүние емес қой. Ол үшін бірінші кезекте қомақты қаражат керек. Үлкен цех ашсам дейтінім, өзіңіз де көріп отырсыз халімді, бірде ауру, бірде сау дегендей. Сол, егер де мемлекет немесе деумеші азаматтар тарапынан қолдау болса, қасыма осы кәсіпке бейім бірнеше азаматты топтастырып, халықтан немесе қандай да бір өндіріс орынынан тапсырыс алып, кәсібімізді онан әрі деңгелетсем деймін.

**-Егер келешекте тапсырыс боп жатса, әйелдер мен балалардың аяқ киімін тігуге не дейсің?**

-Егер тапсырыс боп жатса, неге тікпеске? Тек, ол үшін арнайы қалыптар алу қажет. Ал, ол қалыптарды тек шетелдерден ғана алдыруға болады және ол үшін қосымша қаражат керек болады. Себебі, Қазақстанда бұл қалыптар жоқ. Көбінесе Өзбекстан мен Түркияда шығады.

**-Кенбай жаңа әлеуметтік желілерді қараймын деп қалдың, ендеше**

алғанынан да хабардармыз. Міне, осы келісінде аудан басшысы саған нақты бір ұсыныс айтып, қандай да бір қолдау болады демеді ма?

-Иә, рахмет! Мұхит Тұрысбеков мырза келіп, кәсібім жайлы және алға қойған жоспарларым жайлы сұрастырып, алдағы уақытта қайтарымысыз грант алуыма ықпал ететуге уәдесін берген болатын. Сонымен қатар, жанындағы тиісті бөлім басшыларына тапсырма да бергендей болды.

**-Кенбай негізінен, бұл грантты алудың да өзіндік бір шарттары бар. Біз де осында келерде азын-аулақ сұрастырдық, сенің сырқатың болғанмен күні бүгінге дейін медициналық тексерістен өтіп, мүгедектікке шықпаған көрінесің. Мұнан басқа да шарттарға сәйкес келмейді екенсің. Бәлкім осы себепті де аудан басшысының саған берген уәдесі кешігіп, бір жолдарын қарастырып жатқан шығар деген үміттеміз. Осы орайда медтесерістен өтуге әрекет жасап жатырсың ба?**

-Иә, таныстарым айтқаннан соң қазіргі таңда мүгедектікке шығуға қажетті жұмыстарды жасап жатырмын. Оның үстіне, денсаулығым да күннен күнге сыр беріп жүр. Байқап отырған шығарсыздар, осы денсаулығым жоқтығы есепті күні бүгінге дейін отбасын да құра алмадым.

Сонымен сұхбатымыз да соңына таяды. Кенбайжан алтын уақытыңды бөліп, газетімізге сұхбат беруге келіскенің үшін саған көп-көп рахмет! Еңбекте табысты бол, асаған армандарыңа, алға қойған жоспарларыңа жетуіңе тілектеспіз.

**Данияр БЕК.**

**Жыр ғұмыр мені тербеткен**

Жыр ғұмыр мені тербеткен,  
Әуендей жанды тебіренткен.  
Өлеңмен біте қайнасып,  
Кеткен соң, жырмен селдетем.  
Жыр ғұмыр- менің серігім,  
Шабытым берді сенімім.

**Эль Фараби бабамызға**

Шығысымның Аристотелі атанған,  
Қызыл тілден небір асыл сөз  
тамған.  
Ғасырлардан аты аңызға айна-  
лып,  
Ұрпақтардан ұрпақтарға

Жыр дөненді ерттесем жетегіме,  
Құлын жыр ширатылып кетеді ме.  
Жаза берсем тоқтамай уақыт тау-  
ып,  
Қалған өмір -сағатым жетеді ме.  
Өмір шіркін желмаядай желеді  
екен,  
Әрбір кезең кезекпен келеді екен.

кенде,  
Іштен шыққан жалын күй боп боз-  
дасын.  
Сәбиіне өміренді қолға алып,  
Жұбатуға сөз таппады мың налып.  
Домбырасын шертіп шертіп  
жіберді,  
Көзін ашып алды сәби жұбанып.

# Жыр ғұмыр мені тербеткен...

Қуанып әрбір шумаққа  
Қолдаса біреу, ерідім.  
Шерімді жырмен шығардым,  
Қаламда жатты мұнар мұң.  
Тамшы боп тамды параққа,  
Атқанда тағы ұлар күн.  
Жырменен жырғап шаттандым,  
Бүкпесіз сырды ақтардым.  
Тілдесе білдім тылсыммен,  
Ішінде иран бақтардың.  
Өлеңнен көрдім құдірет,  
Білегін асқан Күн иек.  
Сүрініп кейде құласам,  
Жаныма берді жылы леп.  
Жыр ғұмыр мені тербеді,  
Кеудемді көрнеп өрнегі.  
Ақ парақ, қалам қимасым,  
Бейне бір жақұт жердегі!



жалғанған.  
Түрігімнің асып туған текті ұлы,  
Талайларды тоқтатқандай екпіні.  
Болашаққа сол данышпан баба-  
ның,  
Ғасырлардың қойнауынан жетті  
үні.  
Қияларға шырқаса да дарының,  
Туған жерден алыстамай тамы-  
рың.  
Ата-жұртын дәл өзіңдей сағынып,  
Сендей сүйсін елін, жерін әр ұлың.  
Ғылымды да, білімді де  
менгердің,  
Келешектің жарқын жағын сен  
көрдін,  
Болжай алдың болашақты жасам-  
паз,  
Асылдарын тұңғыықтан сен тердің.  
Аты аңызға айналдың да ке-  
меңгер,  
Ұмытпайды ұрпақтарың сенем  
мен.  
Есіміңді беріп қанша бөбекке,  
Өсіп келеді ел ішінде өрендер.

**R.S.**  
Жырларыңды жаттап өсер  
ұрпағың бар,  
Бас имей өттің небір сұрапылға.  
Аты аңызға айналған Эль Фараби,  
Хақым бар сені жырлап, мақта-  
нуға.

Жыр - дөнен, құлын - өлең...  
Жыр дөнен үзеңгіге аяқ салып,  
Айылын шешілместей мықтап  
алып.  
Ер-тоқымдап шіркін - ай мініп  
көрсем,  
Шаба берсем қанатымды кеңге  
жайып.  
Тоқтамасам, сүрінбей шаба бер-  
сем,  
Жақсыны бұл өмірден таба  
көрсем.  
Білгенімнен көп екен білмегенім,  
Мақсатыма көздеген солай жет-  
сем.  
Бұлақ көрсем тазалап көзін аш-  
сам,  
Жан жағыма мейірім шуақ шаш-  
сам.  
Үйір болып жақсылық атаулыға,  
Жамандықтан жиреніп аулақ қаш-  
сам.

**Несебелі Шайдазымова – 10.10.1961 жылы дүниеге келген. Ха-  
лықаралық жазушылар одағының, Орта Азия «Янги Овоз» ақын  
жазушылар, тарихшылар одағының, Түркі лем Жазушылар  
одағының, Қырғыз ақын жазушылар қауымдық одағының мүшесі.  
«Бейбітшілік лемі» 2020 жылдың үздік ақыны, «Абай», «Шолохов»,  
«Тұран бірлігі», «Мықты қаламгер» медальдарының иегері.  
Қазақстан Авторлар қоғамының мүшесі. Ақындар жинағының үш  
кітабына өлеңдері кірген. «Жыр ғұмыр мені тербеткен» атты же-  
ке жыр жинағы жарыққа шыққан.**

**Ақынның қарымды қаламынан, ұшқыр ойы мен қиялынан туын-  
даған бірқатар туындыларын өздеріңіздің назарларыңызға  
ұсынып отырмыз.**

Жыр дөненім тоқтамай шапса  
егер,  
Құлын өлең шиырланып төгеді  
екен.

**Ақын жаны.....**

Ақындардың жүрегімен ойнама,  
Үңіліп қой жүрегіне жәй ғана.  
Ақын жаны жұмбақ әрі тұңғыық,  
Сырын білмей тереңіне бойлама.  
Ақындардың жүрегімен санаспа,  
Жаны толы мұң шер менен, та-  
ласқа.  
Қиялымен ғажап өмір сүргізер,  
Дәруіш деп айтасындар әрі асса.  
Ақындарға ғашық болма, әуре  
боп,  
Олар Мәжнүн Ләйлі болып жүрген  
жоқ.  
Ән жыр туса жас баладай мәз бо-  
лар,  
Ақындардай аңқылдақ жан  
көргем жоқ.  
Ақын жаны талай төзген мұң  
сынға,  
Ақын жаны тұнған терең тыл-  
сымға.  
Ақын болу оңай емес жарқыным,  
Тартып кетер байламы жоқ  
құрдымға.  
Ақын жаны нәзік, сыршыл келеді.  
Өлең деген дәніменен өнеді.  
Қазағымның қара сөзін бағалап,  
Көңілінің түкпірінен өреді

**Домбыра дастан**

Созағымның “Сызған” деген  
жерінде,  
Құт береке қонған саңғыл елінде.  
Төлегендей шертпе күйдің шебері,  
Өмір сүрген аңыз болып беріге.  
Күйлері бар домбырадан төгілген,  
Ұрпақтардан ұрпақтарға берілген.  
Соның бірі “Салтанат” деп  
аталған,  
Хикаясы дастан болып терілген.  
Мың да тоғыз алпыс алты күзі еді,  
Шаңыраққа бұлт үйірілген түн еді.  
Салтанаттың қамсыз сәби кезінде,  
Анасынан айырылған күні еді.  
Тағдыр неткен қатал едің аяусыз,  
Шақалақты жетім еткен анасыз.  
Сәби үні жылағанда шырылдап,  
Кесін де зар илеткен амалсыз.  
Жұбанбады, сәби іздеп анасын,  
Сақалына тамды кенің көз жасы.  
Тәрде тұрған домбырасын шерт-

Домбыраның үні бебеу қағады,  
Ыстық жасы тарам тарам ағады.  
Шырылдаған нәрестенің үнімен,  
Тағдырына өкпе айтқандай нала-  
лы.

Қос ішектің үні кейде булыққан,  
Нәресте үні жылағандай  
тұншыққан.

Жан анашын іздеп шырыл қағады,  
Дүниеден күдер үзіп торыққан.  
Тағдырына айтып барлық нала-  
сын,

Емдегендей жүрегінің жарасын.  
Бебеулейді Қаратауды айналып,  
Іздегендей Салтанаттың анасын.  
Домбыраның қос ішегі жарысқан,  
Бірде баяу, бірде қатаң алысқан.  
Көкірегінде жарға деген сағыныш,  
Көз алдына келіп күндер та-  
бысқан.

Домбырада мұңын айтты  
тағдырға,  
Басыма ауыр азап менің салдың  
ба,  
Шырылдаған сәбиімнің анасын,  
Аямадың, қара жерге алдың ба.

Қос ішектен күй болып мұң төгілді,  
Салтанат күй осылайша өрілді.  
Күй біткенде, сәби қойып жылау-  
ын,

Қамсыз ттті ұйқыға шын берілді.  
Құдірет бар домбыраның ішегінде,  
Жібермейді ешқашан күші өлімге.  
Түрмеден қашып шығып

Құрманғазы,  
Күйімен ашыпты кісенін де.  
Домбыра үні найзағайша  
тілгілейді,  
Бүркіт самғап, қызыл түлкі  
ілдірмейді.

Қашқан құс, құмай тазы жүгірген-  
дей,

Домбыраның қос ішегі дірілдейді.  
Домбырасыз күй қайда қазағымда,  
Білдірген қуаныш пен азабында.  
Домбырадан төгілсе небір күйлер,  
Сағыныштан жас келеді жанары-  
ма.

**R.S.**  
Көрген едім шертпе күйдің ше-  
берін.

Немерелес аталасы еді көкемнің.  
Бала кезде естеген бұл әңгіме,  
Баяндадым естелігін өткеннің.

**Бетті дайындаған:  
Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.**

**Мұқағали Мақатаевқа**

Сайын дала - қазағымның кеңдігі,  
Ұлан байтақ жазиралы ендігі.  
Кең даланы мекен еткен халқым-  
ның,  
Болмаса екен ештеңеден кемдігі.  
Қарасазым - даламның бір  
бөлшегі,  
Сұлулық пен дарындықтың  
өлшемі.  
Мұқағали туып өсіп ержеткен,  
Асық ойнап, қозы баққан кешегі.  
Табиғаты ғажайыпқа тұнып тұр,  
Тауларында айтылмаған бұғып  
сыр.  
лі талай дарынды ақын шығады,  
Мұхаңа арнап жазатұғын дастан  
жыр.  
Тау баласы тауға қарап өседі,  
Салқын самал өлең жыр боп  
өседі.  
Түн ішінде шырты ұйқыдан оятсаң,  
Ақын жырын жатқа айтады, де-  
седі.  
Қазағымның ақиық мұзбалағы,  
Тәңірден тек адалдық сұрағаны.  
Қара сөзге өлеңмен шекпен жау-  
ып,  
Жақұт жырмен өздеріне қайтара-  
ды.  
Байлық та, атақ мансап сұрама-  
ды,  
Мақтау іздеп еңбегін бұламады.  
Ешкімнің алдында басын иемей,  
Қасқайып қарсы тұрды, құламады.  
Білмеді аты аңызға айналарын,  
Оқырманның өзіне байланарын.  
Жырларын жатқа айтып жігер-  
леніп,  
Гүл қойып ескерткішін маңайла-  
рын.  
Мұқағали өлген жоқ, рухы  
өлмейді,  
Өлді деуге жырлары оның  
көнбейді.  
Хантәңірдің мұзбалағы мәңгі жа-  
сар,  
Өзі өткенмен, жырлары мәңгі  
өшпейді.  
Туған жердің құдіретті күші екен,  
Мұзбалағын биіктерге түлеткен.  
Баурайында Қарасаздың болдым  
мен,  
Сен жайында әлі талай сыр шер-  
тем.

Тұрсынбектің ауылы қыстаудағы қорасына көшіп келгелі көп бола қойған жоқ. Жаз жайлауын көсегенің көкжонында шөбі шүйгін жерге бағып семірткен ол күзгі күйекке отарын қоңды түсірді. Бұл бала кезінен шопандық кәсіпті өзіне серік етті. Бала шағынан тіршіліктің тауқыметін тартқан Тұрсынбек әкесінен тым ерте айырылды. Ол алты жасқа келгенде әкесі дүниеден озды. Екі бауыры мен мұны анасы жесірліктің тақсыретін тарта жүріп өсірді. Шешесі колхозда қарапайым жұмыстар атқарды. Анасы Нағима өте момын, артық әңгімемен ісі жоқ, көп сөйлемейтін, өз ісіне тиянақты жан еді. Қайтсем ұлдарымды жетілдіремін деп күні түні тынбай еңбек етті. Сол кезде колхозда жұмыс жасап жүрген еңбеккерлерге дала қосында түстік асқа қауын беріледі екен. Жарықтық Нағима анамыз әлгі қауыннан ауыз тимей: «Еңбек-қақымнан ұстап қалады. Со-сын балаларымның нәпақасына зиянын тигізер», - деп шетке шығып отыратын көрінеді. Сондағысы үйдегі балаларыма әлгі үнемделген қаржыға азық-түлік алып барсам деген ой болатын. Сөйтіп жүріп Нағима үш ұлын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірді.

Тұрсынбек жастайынан еңбекке араласып, анасының жанына жалау болды. Мектепті бітіргеннен кейін ұжымшарға шопан болып қабылданды. Өзімен өкшелес өсіп келе жатқан екі інісіне қамқор болып, олардың қатарынан қалмай оқып, ішіп-жемнен тапшылық көрмей өсуіне қолынан келгенін жасады. Алғашында көмекші шопан болды. Одан кейін тәжірибе жинақтай келе, аға шопандықты қолына алды.

Тұрсынбек мектепті алдыңғы қатарлы оқушылар санатында бітірді. Әйтсе де оның жоғарғы оқу орнында оқуға тұрмыс тауқыметі мүмкіндік бермеді. Бауырлары жас. Анасының зейнетақысы қай жырттығына жамау болады. Сонымен анасының қас-қабағына қарап, оның үстіне ізінен ерген інілерін жетілдіру қамымен жүріп оқуға бара алмады. Сарыағаштағы Қапланбек техникумына түсіп еді. Бірақ оны жалғастыруға тұрмыс қиындығы мүмкіндік бермеді. Сыртай оқу болса да жазғы, қысқы сессияларына бара аламағаннан кейін оқуы үзіліп қалды. Білімін әрмен қарай ұштай алмағанмен Тұрсынбектің таным-түсінігі терең еді. Етігінің қонышында үнемі «Жұлдыз», «Жалын» журналдары жүретін. Әдеби кітаптарды, газет-журналдарды үзбей жаздырып алып оқитын. Пошта тасушы сәл кешікке алаңдап, басылым-

дар қашан келер екен деп асыға күтетін. Далада жайлаудың төрінде отырып, табиғаттың кәусар ауасын жұтып талай шығарманы оқып, тауысып тастаған. Көркем шығарма кейіпкерлерінің образына еніп, оларға еліктейтіні де бар. Ауылдан көп ұзап шықпаған балаң жігіт еңбегінің арқасында көп алқалы жиындарға қатысып, құрмет пен қошеметтің төріне озды. Талай шопандар тойында жасаған жұмысының

көлікке отырғызды. Содан қалған жігіттер әлгі көліктің кузовына отырып, Тұрсынбектің үйін бетке алды. Нұрайым көңілі қалаған жігітінің бұл әрекетіне қарсы бола қойған жоқ.

Ауыл-аймақ, туған-туысқандары, көршілері болып, Нағима апа шымылдық құрып келінді күтіп отырғанды. Сөйтіп ауыл-аймақ болып, келінде ақ босағаға қондырып алды. Тұңғыш келіні болған соң ба, Нағима ананың қуанышы қойнына

мұның бәрі оңайлықпен келген жоқ. Моншақтаған тер төгілді. Қыстың қытымыр аязында, жаздың аптапты ыстығында бел шешпей жүріп еңбек етті. Еткен еңбегінің арқасында құрмет пен абыройға бөленді.

Екі інісіде алдыңғы ағасынан үлгі өнеге алып өсті. Бауырларының өнегелі азамат болып қалыптасуына үлес қосқан Тұрсынбек олардың жетістігіне күн сайын қуанып, масаттанып отырады.

Нағима балаларын қата-

керемет. Үйдің айналасын тап-тұйнақтай таза ұстау да Нұрайдың күнделікті дағдылы ісі. Көрші-көлемдері де жас келіннің пысық, тындырымды тірлігіне қызыға қарайды. Одан үлгі алуға тырысады. Жалпы қай шаруаның болмасын оябын таба білетін ізетті, қарапайым, жаны шуақты жанға қызықпайтын пенде болмайтын.

Бұл күндері Тұрсынбектің де көңілі көтеріңкі, мерейі үстем. Шопандық кәсіптің

## ҚАРА ШАҢҒЫРАҚ

нәтижелі болуының арқасында жүлделі орындарға ие болып жүрді. Алғаш рет бәйгеге радио қабылдағыш алғаны әлі есінде. Әуелі бәйгеден бір ат келеді, содан кейін қалғаны келе береді демеуші, әрмен қарай аға шопан талай бәйгені қанжығасына байлады.

Он сегіз жасында Тұрсынбек ауылда өзімен қатар бірге өскен Нұрайым деген қызға сөз салады. Екеуінің әңгімелері жарасып, бір жылдай жүрді. Осы кездерде анасы бұған: «Балам-ау, қашан үйленесің, мен шаршадым», - деп қайта-қайта ескертетінді шығарды. Ондайда бұл: «Апа-ау мен әлі жаспын ғой», - дейтін.

Өрісте мал жайып жүріп анасының сөзін жиі есіне алатын. Осындай ой үстінде жүріп ол анамның айтқаны дұрыс қой енді өмірлік жарымды тауып, отау құрайын деп шешті. Бұл жайында қатар өскен сыныптастарына айтып еді. Олар қуанып, достарының ойын құптады.

Сол кездері ауылда қазіргідей емес техника жағы тапшы болатын. Тек ауыл бойынша алты дөңгелекті «Зил» автокөлігі бартын. Оны өзінен 4-5 жас үлкен жігіт жүргізетін. Достарымен ақылдасып Нұрайымды сол көлікпен алып кетуге бекінді.

Мезгіл жаз айы еді. Күндізгісін сүйіктісіне жолығып, кешкісін ауыл клубында кездесетін болып келісті. Жаз мезгілі болғаннан кейін клубтағы кино түнгі тоғыз жарым ондарда басталатын. Бұл кезде кино қоюшы да асықпайды, Тұрсынбектерге де кеш басталғаны дұрыс. Бұлар кино біткен бойда қызды үйіне жеткізіп саламыз деп әрмен қарай алып кетпекші болып келісті.

Екі сериалы кино біткенше түн ортасынан ауды. Бұлар сыртқа шыққанда айнала тастай қараңғы еді. Клубтың сыртында «Зил» көлігі атылып тұр. Топпен бірге шыққан Нұрайымды қауаулаған жігіттер қасындағы жолдас қызымен бірге



сыймай жүр. Алыс жақыннан келген туыс-туғандар жүрекжарды тілектерін айтып құттықтап жатыр. Екі жастың шаңғырақ көтеру қуанышына орай мүмкіндігінше той жасап берді. Той Жыланды деп аталатын жерде сән-салтанатымен өтті.

Үй шаруасынан қолы босаған Нағима ана шүкіршілік жасап, келінінің тәрбиесіне мән беріп, қолын жылы суға малып отырды.

Нұрайым да өсіп-өнген жанұядан шыққан тәрбиелі қыз екен. Келгеніне аз уақыт болса да отбасы мүшелерімен сыпайы араласып, өзінің көрегенділігін танытып келеді. Екі қайын інілеріне деген ілтипаты да ерекше. Олардың ас суларын уақтылы беріп, үйді мұнтаздай етіп таза ұстап, көршілеріне сыпайы, инабатты жан ретінде танылып үлгерді.

Тұрсынбектің де жүзі шырайланып, көтеріңкі көңіл-күйде шаруасын дөңгелетіп жүр.

Кәнігі шопандардан тәжірибе жинап, өз кәсібіне әбден машықтанған бұл алдыңғы қатарлы, майталман, еңбекқор әріптестерінің маңайынан бой көрсете бастады. Жыл сайын табыс биігіне көтеріліп, жүлдеден жүлдеге қол жеткізді. Әрине

рынан кем етпей өсіріп қанаттандырды.

Келіні Нұрайым инабатты, ибалы, сабырлы қолынан өнері тамған жан болып келді. Табалдырық аттаған күннен бастап үй тіршілігін дөңгелетіп алып жүре берді. Енесінің қолын көп шаруадан босатты. Таңертең ертемен ерте тұрып сиыр сауады. Оны өріске айдайды. Одан келген соң даладағы ошаққа от жағып сүтін пісіреді. Кейде сүтті мәндімен ұйытып, ірімшік дайындайды. Сап-сары тәтті ірімшік дәмді дайындалғаны сонша таңдайда ериді. Келген кісілер жеңсік астан дәм татып, таңдайларын қағысады. Нұрай құрт май дайындаудың да хас шебері. Қол күбіге піскен сары майы сондай дәмді. Күбі пісу де оңай шаруа емес. Қол күшін қажет етеді. Қайналарын жылы сөзімен баурап алып, кезектесіп күбі пісіруге жақындатады. Май жақсы түсу үшін піскекті 500—600 мәрте қозғауға тура келеді. Мұндайда жеңгелерінің жеңіл, жүрекке жылы әзіл әңгімелері қайын інілерін жігерлендіреді.

Нұрай дәмді тағамдар дайындауға да өте жақын. Жас қозының етін балдыратып пісіргенде оның дәмі тіл үйіреді. Көңге көмген табананы мен шұжық наны да

қыры мен сырын толық меңгеріп, ұжымдағы алдыңғы қатарлы еңбек майталмандарының қатарына қосылды. Жыл қорытындысы бойынша мал өнімдерін өндіруден биік межені бағындырып келеді. Шаруашылық басшылары да сырттан кісі келсе, Тұрсынбектің отарына алып келіп оның жасаған жетістікті істерін көрсетеді. Атқарған шаруаларының тындырымды біткенінше тынып таппайтынын оның әрбір қадамынан анық байқауға болар еді. Сол еңбекқорлығының арқасында ол құрмет пен абыройға бөленді. Аудандық, облыстық еңбек озаттарының жиындарында мұның есімі бірінші кезекте аталып, мерейі биіктеп келеді.

Ол қол жеткен табысына тасып кетпей сол қарапайым қалпынан танған емес. Қарапайымдылығы, іскерлігі, жұмысқа жан-тәнімен берілгендігі ұжымдастары арасында ерекшеленіп үлгерген болатын. Үнемі сенім биігінен көрінетін шаруагер жігітті бүкіл ауыл болып мақтан етіп келеді.

Уақыт дегенінің сыныптай сырғып өте берді. Тұрсынбек екі інісін үйлендіріп, үй-жәй етті. Өз алдына шаңғырақ көтерген олар жеке отауларының түтінін түзу етіп ұшырды. Бір інісінің оқу орнына түсіп оқуына жағдай жасады. Тапқан табысын інісінен аяған жоқ. Қатарынан кем етпей оқытты. Қаражаттан тапшылық көрсетпеді. Оқу орнын бітіріп келген бауырының жұмысқа орналасуына барлық күшін салды. Сөйтіп оны аудан орталығындағы бір мекемеге қызметке қойғызды. Бойында қабілеті бар бауыры абыройлы жұмыс жасады. Одан кейінгі інісін де үйлендіріп үй-жәй етті. Ағаға қарап, іні өсер деген сөз осындай тағылымды, тәлімді істі айтса керек.

Қара шаңғырақ түтінін түзу шығарып, адал еңбектің жемісін жегізіп отырған ұлына анасы да дән риза.

Отчет об использовании имущества  
Некоммерческой организаций «Корпоративный фонд «Тайконур» за 2021 год

1. Общие сведения об некоммерческой организации	
Полное наименование	Некоммерческая организация «Корпоративный фонд «Тайконур»
Местоположение	Республика Казахстан, 161000, Туркестанская область, Сузакский район, поселок Тайконур
Учредитель	Акционерное общество АО «Волковгеология»
Основные виды деятельности	- оказание медицинских услуг, за исключением косметологических; - оказание услуг по организации общественного питания; - оказание услуг хозяйственно-питьевого и производственно-технического водоснабжения поселка Тайконур, а также производственных объектов и др.
Ф.И.О. Директора	ЕсеновЖынысТолегенович

2. Информация по наименованию и балансовая стоимость имущества			
Наименование объекта	Место расположение (название марки)	Общая площадь (кв.м)	Балансовая стоимость на конец периода
<b>Недвижимое имущество</b>			
- Медицинский пункт	Республика Казахстан, 161000, Туркестанская область, Сузакский район, поселок Тайконур	348,4	3 452 831,28
- Водозаборное сооружение	Республика Казахстан, 161000, Туркестанская область, Сузакский район, поселок Тайконур	2,4 Га	4 115 776
<b>Движимое имущество</b>			
- Автомобиль			Без остаточной стоимости
<b>Итого</b>			<b>7 568 607,28</b>

3. Информация о доходах и расходах (в тыс. тенге)	
Доходы	
Доходы от уставной деятельности	736 782
<b>Итого</b>	<b>736 782</b>
Расходы	
Себестоимость реализованных товаров и услуг	701 571
Административные расходы	21 861
Прочие расходы	21
Всего расходов	723 453
Подходный налог	-
<b>Прибыль (убыток)</b>	<b>13329</b>

4. Информация о денежных средствах (в тыс. тенге)	
Денежные средства и их эквиваленты на начало отчетного периода	494
Денежные средства и их эквиваленты на конец отчетного периода	24,7

## Хабарландыру!

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2019-2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №13 мекен-жайында, 2022 жылдың шілде айының 18 жұлдызында «Ашық есік күні» ететіндігі туралы хабарлаймыз.

**Созақ аудандық СЭББ.**

## Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конститу-

циялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілетті шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса ке-

рек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынтымақтанып, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

**Е.ТӨРЕБЕКОВ,**  
Созақ аудандық СЭББ бөлім басшысы.

## Қоғам болып күресейік!

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан

келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілетті шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

**Дана САДЕНОВА,**  
аудандық ХҚКО маманы.

## Өрттің шығу себептері мен түрлері

Өрт – абайсыз жағылған от, сөнбей қалған шоқ, кейде найзағадан да пайда болатын апат. Орман өрті көбінесе құрғақшылық жылдары, ерте көктемде және күзде болады. Оның негізгі себебі – ауыл шаруашылығы қалдықтарын өртеген кезде қауіпсіздік талаптарының бұзылуынан туындайды. Орман өрті ағаш қорын кемітумен қатар, ағаштың өсуін нашарлатады, жалын шарпыған ағаш құрайды, жел, дауылда сынғыш келеді. Орманда з, а таралуына қолайлы жағдай туады. Орман өрті жер бетін шарпыған кезде жапырақ, бұта, шөп-шалам, көк шөп, ағаштың жас өркендері жанады. Көлемі кішкене ш топырақ, химиялық заттар, су шашып, жасыл бұталармен соққылап сөндіреді. Қаулама өрт жалыны ағаш басын шалады, оның бұтақтары, жапырақтары жанады. Өрт жел бағытына, күшіне қарай сағатына 5 – 25 км-ге дейін өршиді. Жер астындағы кеулеме өртте топырақ арасындағы өсімдік шірінділері, шымтезек жанады, от жалыны көбіне сыртқа шықпай, бықсып жанады. Мұндай өртті өшіру үшін жанған жердің айналасын тереңдігін ы жеткенше, енін 1 м етіп ор қазады. Қазақстанда далалы аймақта орналасқан қарағай жолағында өрт тіпті жауынды жылдары да көп болады. Бұл жерлерде ауа-райы құрғақ болғандықтан өрт қауіп кезеңінің орташа ұзақтығы 180 күннен асады. Орман өртін сөндіру үшін көбіне табиғи кедергілер – өзен, жыра, батпақ, жол, арнайы жасалынған орман аралық ағашсыз жолақтар

пайдаланылады (енін 1 – 2 м етіп жыртады). Қарсы от салып та тоқтатылады. Күшті өртке қарсы т арқылы жоғарыдан су, химикаттар шашады. Орман өрттерінің негізгі үш түрі бар: төселе өртейтін өрттер, шарпи өртейтін өрттер және дауылды өрттер. Төселе өртейтін өрттер немесе топырақ өрті деп орман төсеңшін, топырақ үстіндегі тири организмдерді, орман маңындағы алаңдарды жалмайтын өртті айтамыз. Төселе өртейтін өрттер құнарлы заттарды жояды, экологиялық жүйеге залал келтіреді. Шарпи өртейтін өрттер ең қауіпті өрт болып саналады. Оған бұндай атау ағаштардың үстімен жүріп өтетіндіктен, яғни ағаш жапырақтарын жалмайтындықтан берілген. Шарпыған өрттердің сумаңдаған жалыны ұзын болады, сондықтан тосқауылдардан, мәселен жолдар мен өзендерден оңай аттап кете береді. Дауылды өрттер күшті жел от ұшқындары мен жанған бұтақтарды алыс жерге алып кетіп, жаңа өрт ошақтарын туғызған кейде пайда болады. Кейде осындай өрт ошақтары тұтаса келіп, ірі әрі өте қауіпті қаулаған өрте айналады. Себептері найзағай, ормандағы адамдардың жауапсыз, кейді жауапсыз қалдығы, әдейі от қою, жанартау атқылауы, ауаның ыстық ағыны, қуаңшылық саналады.

**Жұбаныш ӘЛЖАНОВ,**  
Созақ орман шаруашылығы мекемесінің күзетші-қорықшысы.

## Нұрлы бейнең жүректерде сақтаулы

Аққолтық ауылының тұрғыны, асыл ана, жаны жайсаң жан **Нуркейқызы Альфия** анамыздың дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалыпты. Асыл анамыздың жарқын бейнесін сағынышпен еске аламыз.

**Кетсеңдағы бізден алыс мәңгілік, Жүрміз әлі сағынышпен қамығып. Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда, Жадымызда тұрар әркез жаңғырып** - деп, Нуркейқызы Альфия анамыздың рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандас достарының есіне саламыз.

**Ас – 15 шілде қырық күндік асы (14 шілде – қонақ асы) Аққолтық ауылындағы өз шаңырағында беріледі. Асқа шақырушылар: Бақбергеновтар отбасы және ұл-қыздары, келіндері, күйеу балалары.**



## Жерлестерінің жеңісті жолын жалғады



лайықты өнер көрсетіп, жүлделі орындардан көрінді. Атап айтатын болсам, Баби Орынбасар 63 келі салмақ дәрежесінде,

сәрпе көтеруден біріншіліктің чемпионы атанды. Сонымен қатар, Ергешбай Еркебұлан есімді білекті балуанымыз 53 кг салмақта

бәсекеге түсіп, жылқа көтеруден жүлделі екінші орынды иеленді. Ал енді, мақсатұлы Бақыт баламыз 58 келі салмақта бақ сынасып, қола медальды қанжығасына байлады. Нәтижеде Баби орынбасар есімді батырымыз екі дүркін әлем чемпионы атанды. Сонау қырғыз елінде өткен қызықты спорт бәсекесінен орын алған шікірттерінің жеңісімен, қуанышты сәттерімен бөліскен Мұрат ағамыздың сол сәттегі сөзі мынау болды: «Шәкірттеріміз алдағы уақыттарда да биіктерден көрініп, ел абыройын асқақтатып, көк туымызды көкте желбірте берулеріне тілектеспін». Иә, олимпиада ойындарының қатарына кірмесе де, соңғы уақыттары балалар мен жасөспірімдердің және жас-

тарымыздың қызыға айналысатын спортына айналған бір көтеру спортымен шұғылданып жүрген оғандарымыздың Қазақ, Созақ спорты үшін сіңірген еңбектері ерен. Әрине, мұнда Мұрат Тұрсынбайұлы мен Бақтан Тұрсынбайтегінің қосқан үлестері ерекше айтуға тұрарлық. Егер, бұйыртып бұл спорт түрі олимпиадалық ойын түрлерінің қатарына еніп жатса, Қобыланды, Ерболат және Орынбасар сынды т.б батырларымыз бастаған білекті балуандарымыздың олимп шыңынан көрінетіндігіне күмәніміз жоқ. Ендеше, байрақты бәсекелерден хабар тарататын күн жеткенше аман-есендікте болайық ағайын.

**Данияр ҚҰЛ-АХМЕДУЛЫ.**

Күн кешкіріп қалған. Ұясына қонуға иек артып тұрған дөңгеленген табақтай қызыл арай күн кірпіктей шашыраған найза шуағын мол төгіп тұр. Айнала аппақ қар. Қаңтардың кешкілік аясы жез тырнағын барынша бытырып, сықырлап тұр. Күн шапағымен құбылған қар қылауы мың құлпырып жалт-жұлт етеді. Сәлден кейін өрістен мал келеді. Мал бөліп алуға ауыл сыртындағы бөлеске шықтым. Бүгінгі малдың кезегіне Тойбай нағашым кеткен. Жарықтық ол кісі шаруа адам, амлы өрістен жайырақ қайырады. Ауыл малының әлі қарасы көрінбейді. Қысқа кештің ғажап көрінісін қызықтап тұрып байқамаппын, таяқ тастам жердегі арық ішінде алтайы қызыл түлкі көрінді. Менен тіптіде сескенетін емес, аяғымен әлденені тырналап, бірдеме-лерден тіміскілеп өзімен өзі әуре. Қаңтардың қалың қарына аунаған түлкінің қызғылт қылшықтары кешкі күннің сәулесімен ерекше құлпырып тұр. Қызығып кеттім. Түлкінің қызылы өзінің соры деген. Ойыма үйдегі тазы түсті. Аты Аққұс. Үйге барып Аққұсты ертіп келу керек. Жалма жан кері бұрылдым да үйге қарай тарттым. Шамалы жүріп артыма қарасам, қызыл түлкі әліде сол жерден айналсақтап кетер емес. Үйімізде әлгі жерге оншалықты қашық емес еді. Жүгірген бойы үйіме жақындасам, Аққұс қоржын тамның күн шуақ бетінде шоқиып отыр екен. Тазыны ертіп алып қайтадан қыраға қарай жүгірдім. Аңсырап жүрген тазы жан жағын шолып қарап, әлденені сезгендей

## Қызыл түлкі



тұмсығын көтеріп иіс алып, алдыма түсіп елеуреп келеді. Әлгі жерге жетіп байқасам түлкі көрінбеді. Түлкінің ізі арық ішімен өрлей кетіпті. Аққұсты шшақырып алып ізге салдым. Аппақ қарға түскен жаңа ізді иіскелеп тазы өрлей жүгірді. Менде оның соңынан қалмай барымды салып жүгіріп келем. Кенет алдыңғы жақта шолып қарасам, түлкі арық ішінен шығып, қалың құйрығын бұлаңдатып, іргедегі тау жотасына қарай қашып бара жатты. Сауысқаннан сақ түлкі тазыны байқап қалған екен. Ізді иіскелеп жүрген тазыны түлкіге көздестірsem дегенше таудан асып кетуге айналды. Құлпырып тұрған қызыл түлкіге қызыққаным соншалық, соңынан қалғым келмей, Аққұсты шақырып алып,

аласа тау жотасының түлкі асып кеткен тұсына қарай тіке тарттым. Тазыны қасымнан ұзатпай шақырып алып таудың төбесіне шықтым да, созылып жатқан жақпар тастардан із кезіп қарай бастадым. Түлкі көрінер емес. Тазыны қасымнан жібермей қайтадан қырқаға шықтым.

Міне қызық, айлакер түлкі біз тау басына шығып, тастың қуыстарын іздеп жүргенде, келесі жағымен айналып, қапталдас тұрған биік шоқының төбесіне қарай өрлей тартыпты. Жортып бара жатқан түлкі қақпаға жақындап қалған. Дерее тазыны қасыма шақырып алдымда, жүрелеп отыра қалып, келесі бетте кетіп бара жатқан түлкіні кездестірдім. Қырағы тазы түлкіні көруі мұң екен, атыла жүгіріп аппақ қардың

үстімен ұшқан құстай зымырап жөнелді. Аңтарылып қарап отырмын. Түлкі қырдан асып түскенше, ұшқыр тазы құйрық тістесе арғы бетке бірге асты. Бағаналы бері мына қызықпен байқамаған екем, қатты терлеп едәуір шаршап қалыппын. Түлкіні тазыға кездестіргеніме көңілді тоқ санадым. Енді көп отыруға болмайды, қыстың кешкі аясы қысып тұр. Әрі арғы бетте не болып жатыр. Әлде айлакер түлкі айласын асырып, тазыны адастырып кеттіме. Орнымнан жылдам тұрдым да, шапшаң қимылдап, өрге қарай тырмыса жүгіріп шоқының басында шықтым-ау. Шамалы тыныс алып, алдыңғы жаққа қарасам, қызыл түлкі тісін сақылдатып қар үстінде, созыла жатыр. Аққұс түлкіге шылғи жақындамай қарсы қарап шоқиып отыр. Түлкінің терісін бүлдірмеген. Не деген ақылды еді хайуан. Енді бәрі түсінікті болды. Түлкі шоқыдан асып түскен кезде жүйрік тазы оның соңын ала бірге асқан. Түлкінің жалтарап кетуіне мүмкіндік бермеген. Сөйткенде түлкіге жеткен бойда белінен қапсыратістеп, қатты сілкіп белін үзіп жіберген. Қарсыласуға шамасын келтірмеген. Өйтпесе түлкі өткір тісремнен тазының терісін жарақаттауы мүмкін. Сөйтіп, жалтарып құтылып кетуі ғажап емес. Соондықтан әккі, тазылар түлкіге жеткен

бойда әлгіндей әдіс, айла жасайды. Қызыл түлкі орнынан қозғала алмай, тісін сақылдатып жатыр. Мыфна күйінде жақындауға болмайды. Кез келген жерге өткір тісмен жабысып қалады. Ит тұқымдас хайуанаттардың ең әлсіз жері тұмсығы.

Тұмсықтан қамшымен немесе таяқпен ұрса лезде қылжиып қалады. Қолымдағы таяқпен тұмсығынан сілтеп қалдым. Сақылдап жатқан түлкі оңай қылжиды. Қылжыған қызыл түлкіні иығыма салып алып ауылға қарай тарттым. Мол қазына тауып, алғандай көңіл көтеріліп, сықырлаған аязды елемей, адымдай басып келем. Бұл уақытта мезгіл қараңғы тартып қалған еді. Ата анам әлгі бала қайда жүр деп, алаңдап отыр екен. Әкеме түлкіні тазыға қалай алдырғанымызды бағндап бердім. Әкем әп сәтте түлкінің терісін сыпырып алды да, баялыштың күлін сеуіп дәлізге қойып қойды. Ертеңіне және қайталап күл сеуіп, содан кейін үш күндей сыртта талда ілулі тұрды. Содан кейін иісі кеткен теріні төргі үйдің қабырғасына ілді. Құлпырған қызыл түлкінің терісі үй ішіне бір керемет рең беріп тұрды.

**Тілеубек ЫБЫРАЙЫМОВ.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**Директор:**  
**Абилпаттаев Ержан БАКЫТЖАНОВИЧ**

**Бас редактордың міндетін**

**уақытша атқарушы:**

**Жауапты хатшы:**

**Мақсат Қарғабай**

**Редакция құрамы:**

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайнер-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терішші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
4000 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.